ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

2017 ж. 29 наурыз

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 199

город Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІ
20 17 ж. « 27 » 04
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 15065
болып тіркелді

**«Салықтық және кедендік әкімшілендірудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 637 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Салықтық және кедендік әкімшілендірудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 637 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5463 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2009 жылғы 20 ақпанда № 27 (1450) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармағының 41) тармақшасы алынып тасталсын;

42-қосымшаға сәйкес қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару туралы шешім нысанын осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және элекрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануын;

008081

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**
**Қаржы министрі** **Б. Сұлтанов**

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы «29» наурыз
№199 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 637 бұйрығына
42-қосымша

Нысан

# ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ БОЙЫНША ТІРКЕУ ЕСЕБІНЕН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ

## Шешімді шығарудың негіздемесі

Қосылған құн салығын төлеушіге қатысты Шешімді шығарудың негіздемесі
(тиісті ұяшықтағы көрсетіңіз: X)

**A** қосылған құн салығы бойынша оны тапсыру мерзімі Салық кодексімен белгіленген алты ай біткен соң салық есептілігін тапсырмау

**B** орналасқан орнында болмауы

Салық тексеруінің актісін жасау күні

**C** соттың заңды күшіне енген үкім немесе қаулысы негізінде жалған кәсіпорын деп тану

Сот актісінің нөмірі (ол болғанда) Сот актісін қабылдау күні

Сот актісіне сәйкес қызметтік істі бастаған күні

**D** сот шешімінің заңды күшіне енуі негізінде дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тіркеу жарамсыз деп танылған жағдайларда

Сот актісінің нөмірі (ол болғанда) Сот актісін қабылдау күні

D графасында көрсетілген тұлғаның қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қойылған күні

**E** сот шешімінің заңды күшіне енуі негізінде заңды тұлғаны тіркеу жарамсыз деп танылған жағдайларда

Сот актісінің нөмірі (ол болғанда) Сот актісін қабылдау күні

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органында қайта тіркелген күннен бастап

**F** заңды тұлғаның бірінші басшысы немесе жалғыз құрылтайшысы (қатысушы) немесе дара кәсіпкер:

әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі және (немесе) хабар-ошарсыз кеткен жеке тұлға;

егер қайтыс болған (қайтыс болды деп жарияланған) кезден бастап алты ай өткен жағдайда, қайтыс болған (қайтыс болды деп жарияланған);

1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192-1, 216, 217 және 222-баптары бойынша жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар жеке тұлға;

2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 216, 238, 240 және 245-баптары бойынша жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар жеке тұлға;

өлеу салынған жеке тұлға;

болу мақсаты Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асырумен байланысты емес не Қазақстан Республикасы аумағында болуға рұқсат етілетін мерзімі аяқталған шетелдік жеке тұлға немесе азаматтығы жоқ адам;

әрекетсіз дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

әрекетсіз заңды тұлғаның бірінші басшысы немесе жалғыз құрылтайшысы (қатысушы) болып табылған жағдайларда

**G** Салық кодексінің 579-бабымен айқындалатын тәртіпте салық төлеушіні әрекетсіз деп тану

салық төлеушіні әрекетсіз деп тану туралы бұйрықтың нөмірі бұйрықтың күні

## Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат

ЖСН/БСН

СТН (ол болғанда)

Қосылған құн салығын төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда)

Тегі

Аты

Әкесінің аты

## Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат

Қосылған құн салығын төлеушінің атауы

Қосылған құн салығы бойынша тіркеуге қою туралы куәлік

**A** сериясы

**B** нөмірі

**C** беру күні

**D** қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою күні

## Бөлім. Мемлекеттік органның шешімі

Салық кодексіне сәйкес қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару жүргізілсін

Мемлекеттік органның шешімінің нөмірі

Мемлекеттік кірістер органының коды

Шешімді қабылдаған күн